

ЖАҢАША ОҚЫТУ – ЖЕТІСТІК КӨЗІ

«Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім».

Бүгінгі біздің әлемдік бәсекедегі елдермен тереземіз тең, еңсеміздің биік болуы білімді жастардың ұстаздан алған тәрбиесіне байланысты. Заман талабына сай сабақ берудің әдіс-тәсілдері де жаңарып, жаңа технологиялар мен модульдер анықталуда. Модуль қолданудағы мақсат – оқушыларды өз-өзін бағалай білуге, ойларын ашық айтып, шешім қабылдауға, бақылауға, пікір таластыруға үйрету.

Ауыл мектептерінің ішіндегі өзге білім ошақтарынан шоқтығы биік тұрған Үштерек орта мектебінің ұжымы «Жаңаша оқыту – жетістік көзі» екеніне көз жеткізген. Білім ордасының алға қойып отырған мақсаты – оқушыларға сапалы білім беру, үлгілі тәрбие, рухани құндылық, адамгершілік, алған білімдерін шынайы өмірде қолдана білуге баулу.

Мектеп ұстаздары инновациялармен алмасып, кәсіптік қоғамдастықтардың маңызын түсінеді, оқыту үдерісінде білім алушыларға өз мәдениеті негізінде беретін бағалы дәстүрлері мен құндылықтарымен ерекшеленеді. Мектептің ішкі мәдениеті олардың әрекеттерін, мінез-құлқын анықтайды, білім сапасына әсер етеді. Мектеп қоғаммен тығыз байланыс орнатқан. Мектеп әкімшілігінің бастамасымен отбасылық келіспеушіліктерді шешу, оқушылардың, ата-аналардың жеке өтініштерін қарап, көмек көрсету мақсатында ауыл әкімі, амбулаторлық дәрігер, жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор, психолог, әлеуметтік педагог, қамқорлық кеңесінің қатысуымен қоғамдық қабылдау өткізіліп отырады.

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі,



жан-жақты дамыған маман – уақыт талабы. Мектеп Астана қаласы «Назарбаев университеті», «Назарбаев интеллектуалдық мектебі» және Кембридж университетінің халықаралық ғылыми-зерттеу жобасына қатысады.

«Білім беру ұйымдарында корпоративті оқыту жобасы» бойынша мектеп инновациялық пилот алаңы саналады. «Білім беру реформасы және интернационализация: Қазақстандағы мектеп реформасы» халықаралық кітабына енді. Жоба аясында 38 мұғалім «Корпоративті оқытуды енгізу әдіснамасы мен әдістемесі», 40 мұғалім халықаралық «Білім беру реформасы және интернационалдандыру: Қазақстандағы мектеп реформасы» сертификаттарына ие болды.

Мектептегі педагог мамандардың әлеуеті жоғары. Ұжымның - 90%-ы



(40 адам) – жоғары және бірінші саянатты мұғалімдер (21 жоғары білікті, 15 бірінші білікті), мұғалімдеріміз өзара іс-қимыл жасай алатын жаңартылған бағдарлама бойынша курстардан өтті. Мектеп әкімшілігі мен ұстаздар толығымен ҚР жаңартылған білім мазмұны бойынша курстардан өтіп, біліктіліктерін арттырды.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде ұстаздар мен оқушылар республикалық олимпиадаларда, облыстық ғылыми жобаларда, жарыстарда жоғары жетістіктерге ие болып келеді. 22 мұғалім – республикалық қашықтық олимпиадасының жүлдегері, «ағылшын тілі» пәнінің мұғалімі Байкен Серікжан Республикалық «Педагогикалық идея фестивалінде» 3-орын иеленіп, 7-8-сыныптарға арналған электрондық оқулық, үш деңгейлік курс модулі бойынша электрондық тест құрастырды.

8 мұғалім – облыстық, қалалық пән олимпиадаларының жеңімпаздары. «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің мұғалімі – Қожахметов Төлеуболат облыстық «Үздік оқытушы» байқауында 2-орынға ие болды. «Математика» пәнінің мұғалімі – Адайхан Бақыт пән олимпиадасында 3-орынды иеленді.

Қазақ тілі мұғалімі – Қазкей Әйгерім республикалық «Дарынды оқушыға дарынды ұстаз» атты конкурста жүлделі 3-орын, «Бастау-2018» сайысында жас маман, «математика» пәнінің мұғалімі – Бірлік Гүлдана үздік шықты, «Жас зерттеуші» атты республикалық турнирде 5 мұғалім шәкірттерімен жүлделі орын иеленсе, «Ұлағатты ұстаз» атты республикалық байқауда 11 мұғалім «жеңімпаз» атанды.

Мектеп ұстаздары – Абайхан Бисара, Байқуатова Толқынның шығармалары «Инновациялық әдістемелер және жаңа оқыту технологиялар» атты жинаққа енді. Оқу ордамыз облыстық «Ең үздік мектептегі әлеуметтік-психологиялық қызмет моделі», «Үздік ауылдық жалпы орта білім беретін мектеп», «Болашағымыз бірлікте» атты іс-шарада «Ең үздік ауыл мектебі» номинациясына, облыстық «Бала достары» педагогикалық ұжым байқауында бас жүлдеге ие болды, «Театрдың ғажайып әлемі» облыстық фестивалінде оқ бойы озып шығып, «Ең үздік мектеп кітапханасы», «Ең үздік сауықтыру мектебі», «Ең үздік әдістемелік кабинет» дәрежелерін иеленді.

2017 жылы оқытып, тәрбиелеудегі жетістіктері үшін мектебімізге Павлодар облысы әкімінің арнайы сертификат гранты (50 млн) табыс етілді. Оқу-тәрбие үдерісінде жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы негізге алынған, білім беруде ақпараттық технологиялардың орны ерекше. Әкім гранты мектеп кабинеттерін заманауи техникалық құралдармен жабдықтап, Teacher Office жобасына ену мақсат етілуде, алдағы уақытта мектепке роботтехника, цифрлық лаборатория, кітапханада электрондық қызмет жүйесін кіргізу жоспарланып отыр. Елбасының халқына жолдауындағы «Цифрлық Қазақстан» бағытына сәйкес мектебімізде IT сынып ашылды.



Ұстаздардың 50%-ы мектептен тыс желілік қоғамдастықта жұмыс жасайды. Мұғалімдер инновациялық іс-әрекетті оқытушы оқушылармен және инновациялармен айналысады. Жүйеде 54,5% (30) сыртқы желісіндегі оқушылар жұмыс істейді. Көптеген педагогтер инновациялық үдерісті дамытудың ресурстары ретінде бағаланады. Педагогикалық тәжірибелер қалыптастыру, тәжірибе алмасу мақсатын көздейді. Мектеп ұстаздары 15 авторлық бағдарламаны, оқыту бағдарламаларын әзірледі. Авторлық бағдарламаларды ЖОО профессорлары бағалайды.

Оқушыларымыздың жетістіктері ұстаздардың тәжірибесімен тығыз байланысты. «Қазақстан тарихы» республикалық пән олимпиадасында Қожахметов Айболат 3-орын, «Қазақстан тарихы» облыстық пән олимпиадасында Болатов Мерхат 2-орын, Арғанбай Жоламан 3-орын, «қазақ тілі» пәнінен Жеткенбай Күләнда 2-орын, «Зерде» атты республикалық ғылыми зерттеу сайысында Ағзам Жарас 3-орынға ие болды, Мақсатхан Батырбек облыстық «Жас ақындар мүшәйрасында» 2-орын, Хизатбек Жайдарман «қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша облыстық олимпиадада 2-орын, Бұқар жыраудың 350 жылдығына орай өткізілген «Жасын» атты облыстық телевизиялық зияткерлік сайыста 9-сынып оқушылары – Қасенова Жұлдыз бен Мақсатқан Меруерт жоғары жетістікке жетті.

Бүгінгі таңда үш тілді оқыту жас ұрпақтың білім кеңістігіне самғайтын жолы болып отыр. Жаратылыстану, математика бағытында білім беретін 4 мұғалім ағылшын тілінде арнайы А1, А2, В1, В2, С деңгейлі сертификаттарына ие болды. Көптілділікті дамыту мақсатында 4, 6, 8-сынып оқушыларына қытай тілі үйірмесі ұйымдастырылған. 5-сыныптарда «математика», «ағылшын тілі» пәндері,



7-сыныпта «химия» пәні тереңдетіліп оқытылуда.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда спорт секциялары, қазақша күрес, дойбы, асық, шахмат кабинеті, оқушылардың ғылыми қоғамы – барлығы 27 үйірме жұмыс істейді.

Павлодар облысының әкімінің бастамасы бойынша мектебімізде шахмат кабинеті ашылып, заманауи құралдармен жабдықталған. 12 адамнан тұратын бес топта 60 бала шахмат үйірмесіне қатысады. 3-сыныпта эксперимент аясында әлемнің логикалық ойындары туралы айтылды. Облыстық кіші шахмат турнирінде 3-сынып оқушылары жеңіске жетті. Асық, дойбы, қазақша күрес жарыстарынан оқушыларымыз облыстық, республикалық деңгейде көрінуде. «Бақдаулеттер жанұясы» халықтық

отбасылық ансамблі «Атамекен» марапатына ие болды. Қысқы көп салалы спорт ойындарының шебері Қойшиева Құндыз Оразбайқызы, ата-аналардың «Мұрагер» атты клубы да осы мектепте.

Педагогикалық ұжым білім сапасын арттыру үшін жаңа бағыттарды басшылыққа алып, жоба бағытында жұмыс жүргізуде. Мекемеде әр оқушының жеке-дара қабілетіне баса назар аударылады. Ұстаздар қауымы оқушылардың қабілетін анықтап, шыңдай түсуді көздейді. Білім мазмұнын жаңартуда Ақсу қаласы Үштерек ауылының орта мектебі заман талабына сай өзгеріп, дамуда.

Галия ӘМИРХАНОВА,
Ақсу қаласы Үштерек орта мектебінің директоры



АННОТАЦИЯ

Директор Уштерекской школы города Аксу Галия Амирханова пишет, что основной целью школы является создание воспитательно-образовательной среды, способствующей формированию у школьников ответственности, самостоятельности, толерантности, духовности, способности к успешной социализации в обществе. Педагоги уделяют особое внимание формированию исследовательских умений и навыков у обучающихся на уроках и во внеурочной деятельности с целью предоставления им оптимальных возможностей для получения универсального образования, реализации индивидуальных творческих запросов.